● Ел тынысы

## 2018-2019 oqý jylyna arnalǵan bilim granttarynyń mamandyqtar boıynsha tizimi jarııalandy

2018-2019 оқу жылына күндізгі оқу нысаны бойынша мамандықтар бөлінісінде жоғары білімі бар мамандарды, магистрлерді, PhD докторларын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырыстары бөлінді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бұйрық жарияланған. Министрліктің бұйрығына қоса берілген қосымшада мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ЖОО-ларда жоғары білімі бар мамандарды, магистрлерді, PhD докторларын даярлауға арналған квоталар көрсетілген. 2018-2019 оқу жылына жоғары білімі бар мамандарды даярлауға 53594 грант, магистрлерді даярлауға 12504 грант, PhD докторларын даярлауға 2240 грант бөлінген. Мемлекет тарапынан техникалық мамандықтарға көп грант бөлінгендігін атап өткен жөн. Мемлекеттік білім беру тапсырыстары бойынша толық ақпаратты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсынан алуға болады.

● 23 маусым - Мемлекеттік қызметшілер күні

## «Bizdiń mindet - halyqqa qyzmet etý» atty qalalyq baıqaýy

Міне, осы атауда Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының 20 жылдығына және Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік қызметші күнінің мерекелеу құрметіне орай байқау өтті. Байқауға қатысқан 3 команда 5 кезеңде бақтарын сынасты.

«Жаужүрек қызметшілер» («Лисаков қаласы әкімінің аппараты» ММ қызметкерлерінің құрама командасы), «Жалын» (Лисаков қаласы әкімдігінің мемлекеттік органдары қызметкерлерінің құрама командасы), «Жұбаныш» («Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ қызметкерлерінің командасы) топтары байқау ережелері бойынша ең бірінші өз командаларын таныстырса, одан кейін «Латын графикасындағы мәтінді оқу» конкурсының екінші кезеңінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінен латын графикасындағы мәтінді оқыды. Үшінші «Ситуациялық тапсырма» конкурсының кезеңінде сұхбаттасу барысында белгілі ситуациялық жағдай бойынша тиімді шешімін ұсынды. «Сөйлеу шеберлігі» кезеңінде мемлекеттік қызметшілер сөз қорларында қандай сөз байлықтары барын көрсетті. Соңғы «Жер-судың аты - тарихтың хаты» Қазақстанның киелі жерлері» байқау тапсырмасында LED-экранда Қазақстанның киелі жерлерінің картасы көрсетілді. Әр командадан шыққан үміткер мемлекеттік тілде таңдап алынған объекті жайлы қысқаша сипаттама берді.



Көп салалы байқау нәтижесі бойынша, «Жаужүрек қызметшілер» командасы үздік атанып, бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орын «Жұбаныш» командасы еншісінде, үшінші орын «Жалын» командасына бұйырды. Конкурс жеңімпаздары дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды. Конкурстың барлық қатысушылары сертикаттар мен естелік сыйлықтарға ие болды.

«Лисаков қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі «Лисаков қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ және «Лисаков қаласы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тілдерді оқыту орталығы» КММ бірлесіп ұйымдастырды.

● Уштілділік

Изучаем казахский и английский языки

Qaladaǵy baǵdar - Ориентация в городе - Finding the way in the city



## Oraza aıt múbárak bolsyn!

Лисаков халқын қуантқан жаңалықпен -
Көркем мешіт салынды, көңіл - көктем!
Алланың жаңа үйінде күтіп алдық,
Биылғы Рамазанды жамағатпен.

Отыз күн өте шықты желген аттай,
Біз қуанып бас қостық күн құрғатпай.
Алланың разылығы үшін құлшылық қып,
Бұл парызды өтедік бір сынақтай.

Ораза - он екі айдың падишасы,
Бұл айда қабыл болар көздің жасы.
Қайырым қыл, адал бол, сауап жина,
Ғайыптан домалайды өрге тасың.

Әр мұсылман көрсетсін өнегесін,
Азан даусы көгімде әуелесін.
Досқа күлкі, дұшпанға таба болмай,
Мешітке кел,
Аллаһ нұрын себелесін.

Кеңейіп ата-дінмен шаңырағың,
Ораза айт қабыл болсын,
бауырларым!
Раббымның назары бізге ауып,
Қуанышың тарқамай, жансын бағың!

**Әлия ӨТЕШ,**
**тіл жанашыры.**

## Jedel járdem kólikteri jańa standartqa sáıkestendiriledi

Елімізде жедел жәрдем көліктері сары түске боялып, дыбыстық дабыл құралы күшейтіледі. Осыған орай, денсаулық сақтау саласына жаңа стандарттар енгізілді. Мамандардың айтуынша, қанық түске боялған жедел жәрдем көлігі басқа көліктерге қарағанда бірден көзге түсетін болады. Демек, оқиға орнына тез арада

## «100 jańa esim» jobasyn jalǵastyrý usynyldy



«Қазақстан

## Qostanaı oblysy boıynsha bıyl talapkerlerge